

**«Жамбыл облысы әкімінің білім басқармасы
Талас ауданының білім бөлімінің «Дәния» бөбекжай бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын»**

«Айналайын» ересек топ

«Қош бол, балабақша!»

**Тәрбиеші: Ж. Жұмағұлова
Ә.Жаназарова**

**Талапты ауылы
2022-2023 оқу жылы**

Тексерілді:

Әдіскер А Наденова

Қош бол, балабақша!

Жүргізуші: Қайырлы күн құрметті қонақтар, ата аналар мен ұжымдастар және бүгінгі біздің балабақшамен қоштасқалы отырған бүлдіршіндер.

Жүргізуші : Толқимыз, толқып тұрсыз баршаңызда,
Мұндай күн болды сірә қаншаңызда.
Қол соғып қошеметпен қарсалайық,
«күн шуақ» тобының түлектері ортаңызда

Жүргізуші: Жақсылық сыйлап баршаға
Түлектер келді ортаға
Тербеліп вальс билесі
Қошеметтейік қол соға!

(Әр баланы тақпақпен ортаға шақыру.)

Бала-біздің болашағымыз. Ал әр бала ол-болашақ жарық жұлдыз. Бүгін біздің балабақшамыздан ұшқалы отырған бүлдіршіндер де болашақта еліміздің мақтанышына айналатын жарқын жұлдыздар болатынына сенеміз. Олай болса, болашақ жұлдыздарымызды қарсы алыңыздар.

(Балалар қызыл кілемше үстімен өтіп орындарына келіп тұрады)

Алтыннан ардақты
Күмістен салмақты тобымыздың жұлдызы- Адият

Ақылына көркі сай
Біліміне өзі сай тобымыздың алғыры-Көркем

Ай десе аузы бар
Күн десе көзі бар тобымыздың серісі мен еркесі- Дәулетхан

Білімді ұл-қыз болатын
Жақсы мақтау алатын тобымыздың білімпазы- Аяла

Сегіз қырлы, бір сырлы тобымыздың мақтанышы-Іңкәр

Ойы ұшқыр талапты, өзі сондай талантты-Инабат

Байсалды, әрі салмақты, білімді, зерек, жан-жақты-Иманғали

Жанарлары жайнаған, жүздерінде шуақ ойнаған- Тобымыздың
бүлдіршіндерін қол соғып қошеметтеп қояйық.

Хор: «Әдемі ән айтатын»

Көңілді боп үйге қайтатын тобымыздың көңілді бүлдіршіндерінің
орындауында «Рахмет деп біз айтамыз» әні

Хор: «Біз бақытты баламыз»

Жүргізуші:

Өстік біздер мінекей,
Жаттап талай тақпақты.
Бала күнім бал дәурен
Ұмытылмас шақ тәтті.

Күндей нұрлы көктемін
Шақырады мектебім
Бала бақша қош енді
Ұмытылмас шақ тәтті.
Балабақша есігін
Сәби болып ашқанбыз
Балапандай мәпелеп
Өсіреді бақшамыз.
Мектепке енді барамыз,
Оқимыз сауық құрамыз,
Қашық емес арамыз
Бақшаға келіп тұрамыз

Ән «Балабақша»

Тақпақтар:

Адият: Балабақша есігін
Үшке тола ашқанбыз
Едік аппақ нәресте
Көп - көп бөбек көргенде
Жұбанғаным есімде

Іңкәр: Ботақаным бөбек деп
Еркелеткен ұл қызын
Анамызды ерекше

Қуантатын күн бүгін
Өсті міне бойымыз
Қуанышқа ортақпыз
Құтты болсын тойымыз.

Иманғали: Бұл қуаныш себебін
Бізге қарап ұғарсың
Ер жетті деп бөбегің
Туған Отан қуансын

Дәулетхан: Оқимыз білім аламыз
Болашақ жолын саламыз
Бақшаменен қоштасып
Даярлыққа барамыз

Хантөре: Балабақша базарлы үй
Көшедегі ажарлы үй
Шаттығы бар шуақта
Өз үйіміз сияқты

Көркем: Балабақша, балабақша
Шаңырағы шаттықтың
Балабақша қорғанышы
Балғын сәби жастықтың
Қуанамыз сыйлаймыз
Қуаныштың мың гүлін
Бақшамызбен қимай біз
Қоштасатын күн бүгін

Инабат: Ойыншықты жинаймыз
Бөбектерге сыйлаймыз
Үлкен болып өсекте
Бақшамызды қимаймыз

Сабина: Біздерде бар қуыршақ
Бұзау, қозы, құлыншақ
Ойыншықтар тыңдайды
Емес олар ұрыншақ

Бақытжан: Балалардың күлкісі
Көркі сәні әлемнің

Аяла: Балалар бақшасында бүгін той

Балаларды қорғау күні біліп қой
Алақай ау алақай
Той тойлайық балақай
Қызарғанша алақан
Қол соғайық балақай

Айсұлтан: Бақшамызда бүгін ұзақ ойнайық
Балалар қорғау күнін тойлайық

Ерқанат: Біз бақытты баламыз
Ақылдымыз данамыз
Ертеңгі күні еліміздің
Батырлары боламыз

Жансезім: Көк жиектен күлімдеп
Маусымның таңы атты
Тұра қойшы күнім деп
Анам мені оятты

Мерейлім: Гүлмен келсін келер күн
Бала бағы бар елдің
Балалардың күлкісі
Көркі сәні әлемнің

Даяна: Бізбен бірге бар әлем
Қуанады балаша
Қуанышқа бөленген
Өмір қандай тамаша

Айдай: Бала бала баламыз
Бақшамызға барамыз
Күні бойы қызыққа
Батамызда қаламыз

Ойын «Алақанынан таны»

Би «Пародия»

Жүргігуші;балалар:
Иә 5жасқа да толдыңдар
Әдепті бала болыңдар
Қуантып ата-анаңды
Мектепке енді барыңдар.

Қуан шаттық алақай
Қуанатын күн бүгін
Балабақшамен балақай
қоштасатын күн бүгін
Ойыншықтарды жинайық
Бөбектерге сыйлаймыз
Үлкен болып өссек те
Бақшамызды қимаймыз.

Ән «Өмір неткен тамаша»
(балалар орындарына отырады.)

Ән: «Балабақша»

Пародия: «Қызыл раушан» ұлдар

Ән: «Балабақшам» Аяла Іңкәр
Бәріне көмек беріп жүрер, үнемі жадырап күліп жүрер-
Ешкім де ұмытпады, балдай тәтті қылықтарын-
Бәрі де жақсы көреді, әне, өздері келеді-
Қылықтары балдай, өздері тәтті қандай-

Би: «Аққу»

Ойын:
Аспандағы жұлдыздай
Жағадағы құндыздай тобымыздың ай-жұлдыздары-
Бойына жиган өнерді
Әнші, биші өнерлі тобымыздың өнерпаздары-

Хор: «Біз мектепке барамыз»

Флешмоб

Жүргізуші: Ана деген дана бар
Сөзіне құлақ салыңдар
Түлектерді құттықтап
ала келген сөзі бар.

Ортаға күншуақ тобының ата-аналарының атынан Айнұр Русланқызын шақырамыз.

Жүргізуші: Ал қазір біздің балабақша меңгерушісі Г.Боранбекқызы біздің балаларды құттықтаймын дейді. Сөз кезегі өзіңізде. Меңгеруші сөз сөйлеп баларға сыйлықтарын табыстайды.

Жүргізуші:
Сүйкімді балғын бала шақ. Сендердікі болашақ,
Озат болып оқыңдар, Ойға білім тоқыңдар.
Қолымызға шар алып жақсы тілек тілейік
Сол шарға айтқан тілектер, орындалар деп білейік.

Балалар қолдарына әуе шарларын алып ұшыруға далаға шығады.

